

С.Сағнайқызы ¹, Ж.М.-А. Асылбекова ^{2*}, Т.А. Апендиев ³

¹тарих ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы, E-mail: Samal7373@mail.ru

²Профессор, Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті, Қазақстан, Алматы. E-mail: asylbekova777@mail.ru*

³PhD [тарих], Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы. E-mail: timur.apendiev@mail.ru

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ КЕҢЕСТІК ӘКІМШІЛ–ӘМІРШІЛ ЖҮЙЕГЕ БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

1920-шы жылдардың екінші жартысында Қазақстанда кеңестік құқық қорғау ұйымдары құрылды. «Революциялық заңдылықты» қорғауды мақсат еткен құқық қорғау ұйымдары, 1920-30-шы жылдары жүргізілген саяси-экономикалық науқандар барысында Конституцияда бекітілген қызме-тін бұрмалап, асыра сілтеушілікке жол берген. Құқық қорғау ұйымдары іс жүзінде аталмыш науқандарды жүзеге асырушы құралға айналғанын мұрағат құжаттарын зерттеу барысында аңғардық. Яғни, құқық қорғау ұйымдары кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің қолшоқпарына айналып, жүйеге бейімделу үрдісі басталған. 1927-1928 жылдарда басталған байларды тап ретінде жою, астық, ет дайындау науқандарымен қатар жүргізілген социалистік меншікті қорғау науқаны да халыққа үлкен күйзеліс әкелгені белгілі. Ашаршылық нәубаты халықты мемлекеттік меншікке қол салуға итерме-леген. Аталмыш науқан барысында да кеңестік құқық қорғау ұйымдары коммунистік партияның бұйрық-жарлықтарын орындап, аса белсенділік танытып, түрлі асыра сілтеушіліктерге жол берген. Құқық қорғау, әкімшілік ұйымдардың бұл науқандар барысында билік пұрсатын орнымен пайдаланбауы адам құқығын аяқасты етуге әкелген. Кеңестік саяси-экономикалық науқандар барысында анықталған қылмыскерлер негізінен қарапайым халық болғанын ескерсек, әуел бастағы большевик-тердің «кеңестің құқық қорғау ұйымдары қарапайым халықтың мүддесін қорғайды» деген концепциясына қайшы келеді. Керісінше, құқық қорғау ұйымдары әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамдас бөлігіне айналғанын көрсетеді. Зерттеу тақыры барысында құқық қорғау ұйымдарының кеңестік әкімшіл–әміршіл жүйенің құрамдас бөлігіне айналу үрдісін ашамыз.

Кілт сөздер: билік пұрсатын бұрмалау; ОГПУ; қызыл террор; кеңестік әкімшіл–әміршіл жүйе; асыра сілтеу; құқық қорғау ұйымдары, құғын сүргін.

Сағнайқызы С. ¹, Асылбекова Ж.М.-А. ^{2*}, Апендиев Т.А. ³

¹кандидат исторических наук, Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Казакстан, Алматы

E-mail: Samal@mail.ru

²профессор, Казахский Национальный Аграрный университет, Казакстан, Алматы

E-mail: asylbekova777@mail.ru*

³кандидат исторических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы

E-mail: timur.apendiev@mail.ru

К АДМИНИСТРАТИВНО - КОМАНДНОЙ СИСТЕМЕ

Аннотация

Во второй половине 1920-х годов в Казахстане были созданы советские правозащитные организации. Правозащитные организации, стремившиеся защитить «революционную легитимность» в ходе политических и экономических кампаний, проводившихся в 1920-е и 1930-е годы, искажали и преувеличивали свою деятельность, заложенную в Конституции. В ходе изучения архивных документов мы выяснили, что средством реализации этих кампаний стали правоохранительные организации. То есть правозащитные организации стали марионетками советской административно-властной системы, и начался процесс адаптации к системе. Известно, что в 1927-1928 годах, наряду с кампаниями по ликвидации богатых как класса, по защите зерна и мяса, большой стресс для народа принесла социалистическая кампания по защите собственности. Голод заставил народ посягать на государственную собственность. В ходе упомянутой кампании советские правозащитные организации следовали указаниям коммунистической партии, действовали очень активно и допускали различные преувеличения. Неспособность правоохранительных и административных организаций реализовать свои полномочия во время этих кампаний привела к нарушению прав человека. Учитывая, что преступники, выявленные в ходе советских политико-экономических кампаний, были в основном простыми людьми, это противоречит концепции ранних большевиков о том, что «советские правоохранительные органы защищают интересы простых людей». Напротив, это показывает, что правозащитные организации стали неотъемлемой частью административно-правлящей системы. В ходе исследования темы мы раскрываем процесс становления правозащитных организаций составной частью советской административно-правовой системы.

Ключевые слова: искажение власти; ОГПУ; красный террор; командно-административная система; злоупотребление, правозащитные организации, ссылки.

*Sagnaikyzy S.*¹, *Asylbekova Zh. M-A.*^{2*}, *Apendiyev T.*³

¹ candidate of historical sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty.

E-mail: Samal7373@mail.ru

² doctor of historical sciences, professor, Kazakh National Agrarian University, Kazakhstan, Almaty.

E-mail: asylbekova777@mail.ru*

³ PhD [history, Institute of History and Ethnology named after Sh. Ualikhanov, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Kazakhstan, Almaty.

E-mail: timur.apendiev@mail.ru

THE PROBLEM OF THE HISTORY OF ADAPTATION OF LAW ENFORCEMENT AGENCIES TO THE ADMINISTRATIVE COMMAND SYSTEM

Abstract

In the second half of the 1920s, Soviet human rights organizations were created in Kazakhstan. Human rights organizations that sought to defend “revolutionary legitimacy” in the political and economic campaigns of the 1920s and 1930s distorted and exaggerated their activities as enshrined in the Constitution. In the course of studying archival documents, we found out that law enforcement organizations became the means of implementing these campaigns. That is, human rights organizations became puppets of the Soviet administrative system, and the process of adaptation to the system began. It is known that in 1927-1928, along with campaigns to eliminate the rich as a class, to protect grain and meat, the socialist campaign to protect property brought great stress to the people. Hunger forced the people to encroach on state property. During the aforementioned campaign, Soviet human rights organizations followed the instructions of the Communist Party, were very active and allowed various exaggerations. The failure of law enforcement and administrative organizations to exercise their powers during these campaigns resulted in violations of human rights. Given that the criminals identified during Soviet political-economic campaigns were mostly ordinary people, this contradicts the early Bolsheviks' concept that "Soviet law enforcement agencies protect the interests of ordinary people." On the contrary, it shows that human rights organizations have become an integral part of the

administrative-ruling system. In the course of researching the topic, we reveal the process of formation of human rights organizations as an integral part of the Soviet administrative and legal system.

Keywords: distortion of power; OGPU; red terror; command and administrative system; abuse, human rights organizations, exile.

Кіріспе. Қазақстанда 1920-1930 жылдары большевиктер Қазақстанда түрлі саяси-экономика-лық науқандар жүргізді. 1920-шы жылдың екінші жартысында құрыла бастаған кеңестік құқық қорғау ұйымдары аталмыш науқандарға белсене араласып, кеңестер өкіметі мен коммунистік партияның жазалау аппаратына айналды. «Революциялық заңдылықты қорғау» саясаты аясында қазақ халқының дәстүрлі сот жүйесі жойылып, орнына келген кеңестік құқық қорғау ұйымдары ұлттық сот жүйесімен күресуді де негізгі міндеттерінің бірі еткен. Кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамына еніп, коммунистік партияның тапсырмасын орындап, адам құқығын қорғау орнына, мемлекет саясатын жүзеге асырды. 1920-1930 жылдардағы кеңестік социалистік-эконо-микалық науқандарды жеделдетуді жүзеге асырушы тетік ретінде науқандардың талаптарын орындамаған халықты жазалау қызметін атқарды. Конституциялық міндеттерінен ауытқыған құқық қорғау ұйымдары, іс жүзінде кеңестік қуғынсүргін науқандарын жүзеге асырушы күшке айналған. Өркениетті елдерде қалыптасқан «сот, прокуратура ұйымдары жеке таптың емес, жалпы халықтың мүддесін қорғайды» деген ұғым кеңестер мемлекетінде жүзеге аспады. Бұл теорияны большевиктік жүйе сынап, құқық қорғау ұйымдары тек жұмысшы-шаруа мүддесін қорғаушы жүйеге айналатынын алға тартты. 1920-шы жылдардың екінші жартысынан бастап бұл қағида да бұрмаланып, кеңестік құқық қорғау ұйымдары негізінен қарапайым халықты жазалау-шы күшке айналғанын мұрағат құжаттары дәлелдейді. Ендігі жерде кеңестік құқық қорғау ұйымдары сот ісін тергеу барысында адамның жасаған қылмысына емес, әлеуметтік шыққан тегі-не қарады. Осы жылдары жүзеге асырылған саяси-экономикалық науқандарды іс жүзінде жүзеге асырушы қызметін иеленген құқық қорғау ұйымдары дәрежі асыра сілтеушілікке жол беріп, қылмыс істерін жалған құрастырып, үлкен тарихи қылмыс жасады. Нәтижесінде түрмелер лық толып, жер аударылғандар саны күрт өскен. Байларды тап ретінде жою науқаны барысында жеке меншікке большевиктер тарапынан шабуыл жасалып, бай табына қарсы құрастырылған қылмыс-ты істер мемлекет мүддесіне шешіліп отырды. Ауқатты тап өкілдерін кеңестік құқық қорғау ұйымдары әсте қорғамаған, керісінше, коммунистік партия нұсқауларына сай қатаң жаза түрлерін қолданған. Аталмыш жылдары большевиктік құқық қорғау ұйымдары қазақ ұлтының ғасырлар барысында қалыптасқан дәстүрлі сот жүйесін де мойындамады. Қазақты кеңестендіру саясаты негізінде ұлттық салт-дәстүр, дәстүрлі құқық жүйесіне жаулықпен қарап, жойып жіберуді мақсат етті. Кеңестер өкіметі мен коммунистік партияның бұйрық-жарлықтарын орындаушы күшке айналып, құқық қорғау ұйымдары кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамдас бөлігіне айналды. О бастан-ақ саяси-әлеуметтік құрылымында ахуал болған кеңестік билік жүйесінің құлауы сөзсіз, әрі жүзеге аспай қалуы мүмкін емес тарихи заңдылық болғандықтан, 70 жылдай ғана өмір сүрген кеңестер мемлекеті ақыры тарқатылып, бүгінде Қазақстан тәуелсіз ел болды. Ендігі жерде Конституция Заңы бәрінен жоғары қойылып отыр. XIX ғасырда Австралия мен Францияда қызмет істеген профессор А.Гумплович маркстік-лениндік мемлекеттік билік пен кеңестік заң жүйесіне «зорлық-зомбылық жасап, күштеу арқылы еріксіз көндіру немесе озбырлық теориясы» деген сипаттама берген еді. Мұны кеңестік тоталитарлық тәртіп іс жүзінде дәлелдеді. Біз зерттеп отырған кезеңде қалың бұқара құқық қорғау ұйымдарынан, әсіресе прокурорлық бақылаудан қор-ғаныс іздеген еді. Алайда, бәрі керісінше болды. Құқық қорғау ұйымдары халыққа қарсы бағыт-талған саясатты қолдаушы және өзіне сенім артқан халықты қудалаушы күшке айналды. Сондықтан қазақстандық құқық қорғау ұйымдары қызыл террорды жүзеге асырушы күш деген тұжырым-ды зерттеу тақырыбының өзегіне қойып, ғылыми айналымға қосылмаған мұрағат құжаттарын алғашқы рет жариялаймыз.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Мақала тақырыбын зерттеу барысында жүйелілік, объективтік, тарихи-салыстырмалылық сияқты ғылыми таным принциптерін негізге алдым,

соны-мен бірге нақты тарихи, салыстырмалы тарихи, талдау негізінде жинақтау, қорыту, логикалық, статистикалық зерттеу әдістерін қолдандым. Кеңестік тоталитарлық тәртіптің 1920–30 жылдардағы саяси-экономикалық науқандарды іс жүзінде жүзеге асырған құқық қорғау ұйымдары болды. Аталмыш науқандарды жүзеге асыру барысында «кеңестендіру» саясатын қатар жүргізген кеңестер өкіметі, құқық қорғау ұйымдарының тоталитарлық тәртіпке бейімдел үрдісін жеделдеткені сөзсіз. «Революциялық заңдылықты қорғау идеологиясы аталмыш науқандардың идеологиялық ұстанымы болып, қазақ халқына үлкен зардап әкелді. Зерттеу тақырыбы аясында осы тұжырымды ашуды негізгі мақсатымыз ретінде ала отырып, құқық қорғау ұйымдарының кеңестік әкімшіл–әміршіл жүйеге бейімделу үрдісіне қатысты бұрын сонды жарияланбаған мұрағат құжаттарын ғылыми айналымға қосу, тарихымыздағы «ақтандақтарды» ашуға бағытталатыны сөзсіз. Сонымен бірге гуманитарлық білім жүйесінде ХХ ғасырда Европада пайда болған «мемориалдық бұрылысты» немесе «есте сақтау парадигмасы» әдісі де ғылыми жұмысымызды жазу барысында орын алады. Бұл әдістің мәні – тарихты жазу барысында әр ұлттың өткен тарихын қоғамның санасында қалдыру, өткен тарихтан сабақ алу, орын алған келеңсіздіктерді болашақта қайталамау.

Дереккөз базасы ретінде Юстиция Халық Комиссариатының (1380 қор, 1–2 тізбелер), ҚР Президент мұрағаттары (141 қор, 1 тізбе), Қазақ Өлкелік БК(б)П комитетінің заң ұйымдарына жолдаған нұсқау бұйрықтары және «Еңбекші Қазақ» газеті беттеріндегі (1932 жылдан бастап «Социалистік қазақстан») материалдары қолданылды.

Талқылау. Зерттеу тақырыбы кеңестер дәуірінде шынайы, объективті зерттелмеді. Кеңестер мемлекеті марксизм-ленинизм іліміне сай құқық қорғау ұйымдарының қызметін уақытша құбылыс ретінде қарап, болашақта коммунизм орнауымен құқық қорғау ұйымдарының жойыла-тынына сенді [1, б. 13]. Кеңестер мемлекетінің билік үлгісі, соның ішінде прокуратура, сот-тергеу ұйымдары В.И. Лениннің «...нам надо судить самим... ...в условиях существования в стране остатков свернутых эксплуататорских классов настаивать на выборности судей из трудящихся...» [2, б. 20], «прокурорлық бақылау барлық республикаларда, олардың жергілікті ерекшеліктері мен ықпалына қарамастан, революциялық заңдылықтың бірінғай орындалуын қадағалайды...» [3, б. 5], деген тұжырымдарға сай құрылған болатын. Лениндік ұстанымды басшылыққа алып, басқарушы таптың мүддесін қорғауға бағытталған кеңестік прокуратура, сот-тергеу ұйымдарының 1925-1932 жылдар аралығында Қазақстанда жүргізілген саяси-экономикалық науқандар барысында революциялық заңдылықты қорғау саясатын біржақты жүргізіп, тарих кешірмейтін асыра сілтеушіліктерге жол бергенін зерттеу жұмысы барысында ашамыз. Қазақстанда Ф.И.Голощекин билік құрған жылдары Лениннің «...билік ұйымдарының қатаң жаза қолдануы уақытша шара...» [4, б. 681], деген тұжырымы құқық қорғау ұйымдарының күнделікті қызметінің мәніне айналғанын мұрағат құжаттары дәлелдейді. Алайда, В.И. Лениннің еңбектері 1925-32 жылдардағы қазақстандық прокуратура, сот-тергеу ұйымдарының сол жылдардағы қызметін қазіргі заман талабына сай түсіндіріп бере алмайды, яғни марксизм-ленинизм теориясы идея-сында жазылған еңбектер зерттеу жұмысымыздың негізгі дерек көзі бола алмайтыны сөзсіз.

Аталған жылдарда Қазақ Өлкелік комитетінің жауапты хатшысы қызметін атқарған Ф.И. Голощекиннің жеке кітапшаға енген еңбектері 1925-1932 жылдардағы құқық қорғау ұйымдары туралы біршама деректер береді. Голощекин 1927 жылы қазан төңкерісінің он жылдығына арнап жазған еңбегінде кеңестер үкіметінің осы жылдары жүргізген мемлекеттік аппаратты қазақтандыру саясатына тоқталып, мемлекеттік аппараттағы жауапты қызметкерлер, соның ішінде прокурорлар, соттар, халық соттары, халық тергеушілерінің саны, ұлттық құрамы туралы мәліметтер берген [5, б. 40-41]. Осы кітапшаға Голощекиннің 1928 жылы БК(б)П Өлкелік комитетінің екінші пленумындағы баяндамасы кірген. Бұл баяндамада 1928 жылғы астық дайындау науқанындағы юстиция органдары жауапқа тартқан кулактар саны, оларға қарсы қолданылған жаза түрлері айтылған. Ф.И.Голощекиннің келесі, «Казахстан в полосе социалистической реконструкции» атты баяндамасында 1928-1929 жылдардағы егін салу, астық дайындау науқандары тәртіптерін орындай алмай, қылмыстық жауапқа

тартылғандардың саны, әлеуметтік жағдайы, сонымен қатар, осы жылдардағы құқық қорғау ұйымдары қызметінің бағыттарын көрсететін мәліметтер бар [6, б. 84]. Бұл деректерде құқық қорғау ұйымдарының қызметіне біржақты партиялық сипат беріп, Қазақстанның өзіндік даму ерекшеліктері, дәстүрлі құқық жүйесі мен ұлттық сипаты ескерілмеген. Керісінше, Голощекиннің аталған еңбектерінен Қазақстанда әкімшіл-әміршіл жүйенің орнау барысын, ал құқық қорғау ұйымдарының осы жүйеге бейімделу барысын аңғарамыз. Сөйтсе де, көрсетілген еңбектердің деректанушылық маңызы баршылық. Мысалы, «Казахстан на путях социалистического переустройства» атты еңбегінде Голощекин 1928-1930 жылдар аралығында қазақстанда жүргізілген саяси-экономикалық науқандар кезінде құқық қорғау ұйымдары тарапынан орын алған асыра сілтеушіліктерді көрсетіп, қатты сынға алған. Сонымен қатар Ф.И.Голощекин еңбектерінен құқық қорғау ұйымдарының қызметіне, қызметкерлерінің құрамына, саяси-экономикалық науқандар барысында жауапқа тартылған бай-қулақтар санына, оларға қарсы қолданылған шара түрлеріне, тәркіленген мүлік мөлшеріне байланысты статистикалық мәліметтер кездеседі. Аталмыш жылдары «төменнен көтерілу» саясаты аясында мемлекеттік ұйымдарға кәсіби білімі төмен немесе мүлдем сауатсыз кадрлардың келуі де, құқық қорғау ұйымдарының әкімшіл-әміршіл жүйеге бейімделуін тездеткенін айтуды жөн көрдік.

Деректік мәліметтердің келесі, екінші тобына партиялық және қоғамдық ұйымдардың құжаттары жатады. Партия ұйымының 1925-1932 жылдар аралығындағы құқық қорғау, әкімшілік ұйымдарының саяси-экономикалық науқандардағы қызметіне, құрамына байланысты басты деректік құжаттар Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында (141-қор) топтастырылған. Бұл деректер әкімшіл-әміршіл жүйе үстемдігі жағдайында жарық көргендіктен сын көзбен қарауды талап етеді. 1925-1932 жылдардағы партия құжаттарының басым бөлігі баспалардан жарық көрген. Атап айтсақ, «Систематическое собрание законов Казахской Автономной Советской Социалистической Республики действующих на 1 января 1930 г.» деп аталатын жинақ 1930 жылы жарық көрген [7, б. 224]. Бұл жинақта 1920-1930 жылдардағы өткізілген саяси-экономикалық науқандарға байланысты жазылған заңдар мен коммунистік партия шешімдері халықты бір партиялық, тоталитарлық жүйеге құлшылық етуді заңдастыруға бағытталған.

Партия ұйымына және БКП(б) мүшелеріне арналып шығарылған деректік материалдар да зерттеп отырған тақырыбымыз аясында тың дәлел бола алады. Олардың ішінде 1928 жылы жарияланған «Материалы к отчету ЦИК КазССР на 3 сессии ВЦИК 13 созыва» кітапшасы ерекше назар аудартады [8, б. 140]. Бұл еңбекте 1927-1928 жылдардағы Қазақстандағы революциялық заңдылыққа, құқық қорғау ұйымының құрылымына, сот-тергеу қызметкерлерінің әлеуметтік, партиялық жағдайына, ұлтына, біліміне, кәсіби жұмыс стажына, 1924-1928 жылдар аралығында ҚазАССР құқық қорғау ұйымдары қараған қылмысты істер мөлшеріне қатысты статистикалық деректер бар. Бұл кітапша коммунистердің күнделікті саяси-ұйымдастыру және үгіт-насихат жұмысына көмек көрсету құралы ретінде жарияланған болатын. Яғни кеңестік қызметкерлердің әкімшіл-әміршіл жүйе бұйрық-жарлықтарын сөзсіз орындау тәртіптерін анықтап, жүйенің құрамдас бөлігіне ену барысын анықтаған.

Сонымен қатар 1925-1932 жылдардағы қазақстандық құқық қорғау ұйымдарына байланысты мол деректі «Еңбекші қазақ (1932 жылдан бастап Социалистік Қазақстан) газеті» беттерінен ала аламыз. Аталмыш газет те коммунистік идея ағымын басшылыққа алып, тарихи үрдісті біржақты түсіндірді. Сөйтсе де, бұл баспасөз ұйымында 1920-1930 жылдардағы құқық қорғау ұйымдарының қызметіне, құрылымына және қызметкерлерінің құрамына байланысты мәліметтер мол. Мақалаларды талдау барысында, зерттеу тақырыбын ашуға бағытталған құнды материалдар көп. Мақаланың тақырыбы күрделі екені сөзсіз. Сондықтан мемлекеттік ұйымдардың аса құнды құжаттары топтастырылған Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының қорларын зерттеудің тарихи маңызы зор болды. Мұнда Республика прокуратурасының, Юстиция Халық Комиссариатының (1380 қор, 1-2 тізбелер), Жоғарғы соттың Қазақ бөлімінің (251-қор, 4-6-7 тізбелер) тәркілеу, астық, ет дайындау, бай-қулақтарды тап ретінде жою, ұжымдастыру, 1932 жылдың 8 тамызында басталған

«Социалистік меншікті қорғау» науқандарындағы аталған ұйымдардың төтенше нұсқаулары, қарарлары, олардың қызметіне байланысты баяндамалар, Қазақ Өлкелік БКП(б) комитетінің осы нұсқаулар аясында құқық қорғау ұйымдарына жолдаған нұсқау бұйрықтары, РСФСР ЮХК мен прокурорының бұйрық-нұсқаулары сақталған. Қорыта келе, зерттеу тақырыбының деректік негіздері берік, мұрағат құжаттарының басым бөлігі алғаш рет тарихи айналымға қосылады. Көптеген нақты деректер зерттеліп отырған кезеңдегі саяси ахуал-дың кері әсеріне қарамастан, тақырыптың шынайы мазмұнын ашуға қызмет етеді. Мақаламыздың зерттеу тақырыбы 1925-1932 жылдарды қамтиды. Аталған жылдардағы құқық қорғау ұйымдарының саяси-экономикалық науқандардағы қызметін, құқық қорғау, әкімшілік ұйымдарының қызметкерлерінің құрамы мен құрылымын деректер негізінде зерттегенімізде, құқық қорғау ұйымдарының кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйеге бейімделу үрдісінің 1925 жылы белсенді басталып, 1932 жылы толығымен аяқталғанын аңғардық. Сондықтан мақаламыздың зерттеу кезеңдері 1925-1932 жылдармен шектеледі.

Ғылыми жұмысымыз барысында көтерілген ахуалды 1920-30 жылдардағы саяси-экономикалық науқандар тұрғысынан зерттеу тарихшылар тәрпынан қолға алынбай келеді. Бұл мәселе төңірегінде тек жанама жұмыстар жазылуда.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында 1920-30 жылдардағы қазақстандық құқық қорғау ұйымдарының қызметіне тарихи шынайы баға берген зерттеуші-ғалымдардың бірі – Талас Омарбеков. Т.Омарбеков тәуелсіздік жылдары алғашқы рет құқық қорғау ұйымдарының кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйеге бейімделу үрдісін 1920-30-шы жылдары жүргізілген саяси-экономикалық науқандар контекстінде ғылыми баға берді. Т.Омарбеков 1993 жылы «Ақиқат» журналында жарияланған «Шаруаларға шабуыл қалай басталды» [9, б. 62-69], «Қазақстанда революциялық заңдылық қалай жүргізілді» [10, б. 29-32]. деген мақалаларында 1920–1930 жылдары жүргізілген саяси-экономикалық науқандар барысындағы құқық қорғау ұйымдарының қызметіне тоқталғын.

Зерттеу тақырыбына қатысты мәліметтер Т.Омарбековтің «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» [11, б. 31-155], М.Қ.Қозыбаев, Ж.Б.Әбілғожин, Қ.С.Алдажұманов бірігіп жазған «Коллективизация в Казахстане – трагедия крестьянства» [12, б. 1-5], Ж.Б.Әбілғожиннің «Очерки социально-экономической истории Казахстана XX века» [13, б. 204-206] жинақталған. Бұл еңбектерде 1920–30 жылдардағы құқық қорғау ұйымдарының саяси-экономикалық науқандарды жүргізу барысындағы қызметіне, жазаланушыларға қатысты мәліметтер кездеседі. Соңғы жылдары кеңестік құқық қорғау ұйымдарының құрылымына, құғын-сүргін шараларын жүргізуі барысына қатысты еңбектер жарияланғанымен, аталмыш ұйымдардың кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамдас бөлігіне айналу үрдісіне қатысты ауқымды зерттеу жұмыстары жазылмады.

Мақала тақырыбын зерттеу барысында соңғы жылдары жазылған Ресей ғалымдарының да еңбектеріне шолу жасадық. Атап айтқанда, Р.М. Нуреевтің «Социальные субъекты постсоветской России: история и современность» [14, б. 13-66], К.Т. Камалованың «Концепция законности в годы НЭПа; теория и практика» [15, б. 3-10], В.Н. Бибилонның «Судоустройство» оқулығы [16, б. 328]. Аталмыш еңбектерде кеңестік құқық қорғау ұйымдарының әкімшіл-әміршіл жүйеге бейімделу мәселесіне қатысты құнды мәліметтер бар.

Нәтижелер. Қазіргі кезеңде 1920–30 жылдардағы кеңестер мемлекетінде биліктің бұрмалану-шылыққа ұшырағаны, билік пұрсатын дұрыс пайдаланбауы туралы мәселе зерттеуден тыс қалып отыр. Мен 1925-1932 жылдар аралығындағы кеңестік құқық қорғау ұйымдарының құрылымы мен қызметін мұрағат құжаттарына сүйене отырып зерттегенімде, бұл ұйымдардың да тоталитарлық тәртіпке тәуелді болып, үкімет пен партия жүргізген саяси-экономикалық науқандарда жазалау-шы аппаратқа айналуын, жазалау үрдісін ұйымдастырғанын көреміз. Құқық қорғау ұйымдарының әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамдас бөлігіне айналу үрдісі Кеңестер мемлекетінің құрылуы барысында басталғаны тарихтан анық. Атап айтқанда, Кеңестер мемлекеті құрылған бірінші күннен бастап, біртұтас мемлекеттік билік жүзеге асырылғаны белгілі. Біртұтас билік заң шығару және әкімшілік қызметтердің кеңестер қолында болуымен түсіндіріледі. Яғни кеңестер мемлекетіндегі барлық ұйымдар,

өкілдік, соттық, прокурорлық біртұтас мемлекеттік билікті құрады. Кеңестер билікті жүзеге асыру үшін атқару аппаратын, яғни халық комиссарлар кеңесі ұйымдастырылды. Халық комиссарлар кеңесінің жанынан ВЧК, кейінгі ОГПУ (Объединенное Государственное политическое управление) құрылды. ОГПУ Кеңестер мемлекетіндегі біртұтас билік жүйесіне қайшы болды. Өйткені 1920–30 жылдары ОГПУ–дың компетенциясында шексіз билік болды. ВЧК–ның әуел бастағы міндетін 1918 жылы Лениннің өзі белгілеп берген болатын. Сол жылдары ВЧК–ға (всероссийский чрезвычайный комитет) «жаулардың агенттерін, алып–сатарларды, оңшылдарды, бұзықтарды, контрреволюционерлерді, үгіттеушілерді қылмыс істеген жерде атуды» жүктеді [17, б. 5]. 1925–26 жылдары қазақстандық ОГПУ ұйымының міндетіне «басма–шылар, бандалармен күресу» кірді. 1930 жылы байларды жер аудару науқанына әрбір аудандарда ОГПУ–ге бағынған қарулы коммунистер мен комсомол отрядтарының құрылуы [18], ОГПУ–дың әрбір округтік бөлімінің құрамында қылмысты анықтау ұйымынан 4 адам, 5 атты милиционер болуы, 1930–32 жылдары ұжымдастыру науқанында ОГПУ–дың жол–транспорт бөлімі отряд–тарының үкімет пен партия қысымына шыдамай, мекендерін тастап қашқандарды тұтқындау [19]. сияқты қызметтерді орындауы, ОГПУ–дің қауіпті күшке айналғанын көрсетеді. ОГПУ қолындағы билікті жан–жақты жүзеге асырды. 1925–26 жылдардың өзінде прокурорлық бақылау ОГПУ–ді емес, ОГПУ прокуратура ұйымдарын қадағалап, төменгі кеңес аппаратын да бақылап отырған.

Сонымен қатар КСРО Прокурорына төменгі әкімшілік аппаратының қылмысты істері туралы үздіксіз мәлімет беріп тұрған. 1928–29 жылдардағы астық дайындау науқанына партия ұйымы сот–тергеу, ОГПУ ұйымдарына барлық нұсқаулықтардың орындалуын қадағалап отыру туралы бұйрық береді [20]. ОГПУ ұйымы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау науқанына да араласып отырған, яғни, ОГПУ ұйымы әуелдегі кеңестер мемлекетіне жат адамдарды жоюдан, кеңестік саяси–экономикалық науқандарды іс жүзінде жүзеге асыруға көшкенін көреміз. Немесе бұл жылдары ОГПУ қызметінің ауқымы кеңейіп, мемлекеттік саясатты орындауға дейін өскенін аңғарамыз.

1929 жылы төменгі кеңес және партия белсенділеріне қарсы шыққандарға қуғын–сүргінді күшейту туралы құжаттарда «террористік актлер, кеңестік партия қызметкерлерін өлтіру оқиғасы орын алған жағдайда, құқық қорғау ұйымдары жергілікті ОГПУ бөлімімен бірлесіп, тергеуді аз уақыт ішінде бітіру керек» деген мағынадағы құжаттардың көп болуы, ОГПУ–дың әкімшіл–әміршіл жүйеге қарсылық білдірген «халықтан» тоталитарлық тәртіпті қорғаушы ұйымға айналғанын аңғарамыз.

1920–30 жылдары революциялық заңдылық жолындағы күресті күшейту үшін ОГПУ–НКВД жанынан Ерекше комиссия, Ерекше кеңестер жұмыс істеген. Бұл ұйымдар белгілі бір науқандардың өтуін нәтижелендіру үшін құрылып отырған. Енді осы заңсыз құрылған ұйымдардың құрамына қысқаша тоқталамын. 1925 жылы НКВД жанынан қауіпті элементтерді жер аударуға дейін кесім шығару міндетін атқаратын Ерекше комиссия құрылған. Ерекше комиссияның құрамына Республика Прокурорының көмекшісі (ОГПУ бойынша), ОГПУ төрағасы және оның орынбасары кірген [21]. Ал үштіктер жергілікті губерниялық, облыстық округтік атқару комитеттерінің жанынан құрылған [22]. 1927 жылы мал ұрыларымен күресу үшін НКВД жанынан құрылған ерекше үштік те, жергілікті атқару комитеттері жанынан құрылған үштік те мал ұрыларын жер аударумен айналысқан. Оның құрамына НКВД төрағасы, ОГПУ төрағасы және Жоғарғы Соттың мүшесі кірген [23]. 1928 жылы БК(б)П отырысында астық дайындау науқанын күшейту үшін құрылған үштіктің құрамына мемлекеттік комитет хатшысы, губерниялық сауда комитеті мүшесі және ГПУ мүшесі кірген [24]. 1931 жылы партия ұйымдастыруымен құрылған үштіктің құрамы аудандық комитет төрағасы, аудандық атқару комитеті төрағасы және ОГПУ өкілінен тұрған [25]. Байқағанымыздай, бұл ұйымдардың барлығының құрамында ОГПУ өкілі болған. Демек, 1920–30 жылдары ОГПУ ұйымы революциялық заңдылықты қорғауда шексіз билікті заңсыз жүзеге асырып, әкімшіл жүйенің жазалау құралына айналды деген қорытынды жасаймыз.

Кеңестер мемлекетіндегі құрамына ОГПУ кірген Халық Комиссарлар Кеңесінен кейінгі ауқымды билікті иеленген ұйым – коммунистік партия еді. Мұрағат құжаттарынан 1925–26

жылдары прокуратура, сот–тергеу ұйымдары партияға кеңестік партия ұйымдарының революциялық заңдылықты күшейтуге байланысты нұсқаулықтарының іс–жүзінде орындалуы туралы есеп беріп отырғанын байқадым. Губерниялық прокуратураның 1925–27 жылдар аралығындағы прокуратура, сот–тергеу ұйымдарының революциялық заңдылықты жүзеге асыру жұмысына байланысты партияға берген есеп–баяндамасында «революциялық заңдылықты күшейту үшін күресетін ұйымдардың және осы ұйымдары жұмыс істейтін ортаның жағдайы мәз емес» деп көрсетіледі [26]. Баяндамада құқық қорғау ұйымдарының революциялық заңдылықты жүзеге асыруына кедергі келтіретін бірнеше мәселелер айтылған. Оларға – құқық қорғау қызметкерлерінің кәсіби білімінің төмендігі, санының аздығы, соның ішінде, қазақ ұлтынан шыққан құқық қорғау қызметкерлерінің кәсіби мүмкіншілігінің төмендігін жатқызған. Сонымен қатар құқық қорғау қызметкерлерінің арасында қылмыс жасау сияқты келеңсіз жайттың орын алуы, ауылдық жергілікті құқық қорғау қызметкерлерінің саяси білімінің төмендігі, материалдық жағдайының нашарлығы, қызмет көрсететін территория ауқымының кеңдігі, халық санының көптігі, қылмыс-ты ашудың алдыңғы жылдарға қарағанда қиындауы сияқты себептер революциялық заңдылық-тың орындалуына кері әсерін тигізетіні айтылған. Партия комитеті прокуратура, сот–тергеу ұйымдарының жоғарыдағыдай кемшіліктерін жою үшін нұсқаулар беріп отырды. Атап айтқанда, 1.05.1926 ж. – 1.05.1928 жылдар аралығындағы прокурор көмекшісі мен губсот өкілінің атқарған жұмыстары туралы баяндамасын тыңдап, мынадай ұсыныстар береді:

1. Қылмыспен күреске байланысты уездік, болыстық кеңестер өткізу, осы кеңестерге ауыл, село белсенділерін тарту, ауыл, селоларда революциялық заңдылықты күшейту жолындағы күреске жұмысшы табын тарту;

2. Келешекте барлық жұмыстарды партия комитетінің шешімдерімен ұштастыру;

3. Ауылдардағы тұрмыстық қылмыспен күресті күшейту, қазақ сот–тергеу учаскелерінің жұмысында таптық көзқарас принципін ұстауын қадағалау, байлардың ықпалын әлсірету үшін көрнекі соттар ұйымдастыру;

4. Прокурор көмекшісі, губсот өкілінің канцеляриялары қызметкерлерін партия ұйымымен келісе отырып, жұмысқа қабылдау;

Осы жерде біз қарастырып отырған жылдардағы құқық қорғау ұйымдарының қызметкерлерінің білім деңгейіне қысқаша тоқталуды жөн көрдік. Өйткені әкімшілік, құқық қорғау ұйымдарының әкімшіл-әміршіл жүйеге бейімделуін жеделдеткен факторлардың бірі – құқық қорғау ұйымдары қызметкерлерінің кәсіби білімінің төмендігі екені сөзсіз. 1925-1926 жылдары ҚазАКСР Прокура-тура бөлімінің штатына сай 128 қызметкер болған. Олардың тек 7 пайызының жоғарғы білімі болған және заң курстарын бітірген, ал 57 пайызының білімі төмен болған. 18 пайызының ғана құқық қорғау ұйымдарында 5 жылға дейінгі еңбек стажы болған [27]. 1925 жылы Қазақстанда 63 губерниялық сот жұмыс жасаған және соттардың барлығының білімі төмен болған. Тек 1926 жылы жоғарғы білімі бар 5 сот қызметкері жұмысқа қабылданған. 1925-1926 жылдары Қазақстан бойынша губерниялық соттар құрамы штат бойынша 97 орын болғанымен, 16 қызмет орны бос болған. 1925 жылы 127 Халық сотының төрағасы қызкері болған және олардың тек екеуінің жоғарғы білімі болған. 1926 жылы 199 Халық соты төрағасының 21-інің жоғарғы білімі болған. 1925-1926 жылдардағы ҚазАССР Юстиция Халық комиссариаты Прокуратура бөлімінің жылдық қорытынды есебінде құқық қорғау ұйымдары қызметкерлерінің жалпы білімінің төмендігі, белгіленген штаттық көрсеткіштердің толық еместігі айтылып [28], губерниялық соттарға 100 адам, прокуратураға 100 адам, 400 білімді халық соттары мен тергеушілері керек деп шешеді [29]. Милиция, қылмысты анықтау, қылмысты істерді тергеу ұйымдары қызметкерлерінің кәсіби білімін көтеруге, тыңғылықты қызметкерлер жинақтауға бағытталған шаралар да нәтиже бермеді. Сондықтан бұл мекемелердегі қызметкерлердің құрамы штатта белгіленген сандық көрсеткішке сай келмеді, білім деңгейлері де өте төмен болды.

1925 жылдың 1 сәуірі мен 1926 жылдың 7 қазаны аралығында Сырдария губерниясындағы қылмысты анықтау ұйымдарында штат бойынша белгілеген 91 қызмет орнынан 38 адам

қызметтен шығарылып, 31 адам қызметке алынған. Осындай жағдай Қазақстанның барлық губернияларында орын алған [30].

1926-1927 жылдары Юстиция Халық комиссариатының прокуратура бөлімінде 85 қызметкер болған, олардың тек 1,7 пайызының жоғарғы білімі болған. 1927 жылдың 1 қазанында прокуратура қызметкерлерінің құрамында жоғары білімі бар қызметкер саны 4 қызметкер болған. 1925-1926 жылдары губерниялық прокурорлар мен прокурор көмекшілері құрамынан 55 қызметкер немесе олардың 56%, 1926-1927 жылдары аталған қызметкерлердің 47 немесе 51% қызметтен босатылған. ҚазАССР ЮХК-ты бұл жағдайды көрсетілген қызметкерлердің «өз міндеттерін орындай алмағандығынан, партия ұйымдарының оларды басқа қызметке ауыстыруы-нан, Қазақстанда прокуратура бөлімінде қызмет ете алатын жарамды қызметкерлердің болмауы-нан», деп түсіндірді [31]. Ал, біздің ойымша, құқық қорғау ұйымдарында қызметкерлердің тұрақтамауы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің күшеюімен байланысты. Құқық қорғау ұйымдары қызметкерлерін жергілікті партия ұйымының іріктеуі [32], коммунистік партияның мемлекеттік биліктің барлық функцияларын өз қолына шоғырлануымен түсіндіріледі. Ендігі жерде құқық қорғау ұйымдары жеке адамның мүддесі емес, мемлекеттің мүддесін қорғаумен айналысқандық-тан, олардың құрамына үкімет пен партияның саясатын сөзсіз орындайтын қызметкерлер керек еді. 1929 жылы прокуратура қызметкерлерінің 1,4 пайызының, округтік сот қызметкерлерінің 5 пайызының, жоғары білімі болса, халық сот төрағаларының білім деңгейлері төмен болып қала берген [33]. ҚазАССР ЮХК-ның 1928-1933 жылдардағы қорытынды ресми есебінде прокуратура, сот-тергеу ұйымдары қызметкерлерінің кәсіби білімдерінің төмендігі туралы мәселе көп қозғалады [34]. Қазан революциясына дейін білім алған зиялыларды кеңестік құқық қорғау ұйымдарына қызметке алмау, қызметкерлерді іріктеу барысында әлеуметтік жағдайына мән беру мәселелері кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің күшейгенін аңғартады.

1920-30 жылдардағы саяси-экономикалық науқандар кезінде партия ұйымдары ОГПУ, сот-тергеу ұйымдарымен тығыз байланыста жұмыс жасау жүктелген. Атап айтқанда, 1928 жылғы қазақ байларын тәркілеу науқанында партия ОГПУ ұйымына тәркілеуге тиіс шаруашылықтардың санын анықтауды жүктеген. Жалпы партия ұйымы қазақ байларын жою науқанын белсенді жүргізген. 1928 жылы партияның кедейді «ауылдық жерлердегі байларға жартылай-крепостник-тік тәуелділіктен босату» саясатына байланысты БК(б)П губерниялық комитеті сот ұйымдарына «мүлкін салықтан жасырғандарды Қылмыстық Кодекстің 62-1 бабымен жазалап, мүлкін тәркілеу, үкім тез арада жүзеге асырылып, осы баппен сотталғандарға амнистия қолданылмасын» деген нұсқау берген. Үкімет пен партия саясатына наразылық білдіргендерге «контрреволюциялық, антикеңестік қылмыс жасағандар» деген баға беріліп, олармен күресті партия ОГПУ-ге жүктеген. 1928 жылдың 24 мамырында Қазақ өлкелік БК(б)П бюросының отырысында «ГПУ контрреволюциялық іс-қимылға қарсы күресті күшейту, ОГПУ-ге келіп түскен антикеңестік қылмысты істерді тергеуде қатаң таптық бағыт ұстауы керек» деген қаулы қабылдайды [35]. Ал 1929 жылы партия өкіметке қарсы шыққандардың істерін сотсыз тәртіпте жазалауға ОГПУ коллегиясына жіберіп отырған. Бұл құжаттардан 1927-28 жылдары Қазақстанда партия әкімшілік қызметтерді қолына шоғырландырып, мемлекеттік билікті узурпациялағанын көреміз. Сот, прокуратура ұйымдары да партияға есеп беріп, оның нұсқауларын орындаған. Осы жылдары Қазақ Өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы Голощекин өкілдік, әкімшіл, сот биліктерін қолына шоғырландырып, республиканың саяси-экономикалық өмірінде дөрекі асыра сілтеушіліктердің орындалуына жол ашады. ОГПУ-дің партия саясатына наразылық білдірген-дерді жазалаушы күшке айналуына атқару аппаратының рөлінің төмендеп, партия бұйрығын орындаушы ұйымға өту үрдісін аңғарамыз. 1929 жылғы астық дайындау науқанында Қазақ Өлкелік партия комитетінің хатшылығы ЮХК мен ХКК-не «астық дайындау науқанына байланысты қозғалған қылмысты істердің тез арада қаралуы қадағалансын» деген қаулы қабылдайды [36]. Сонымен қатар осы жылы партия ЮХК мен ОГПУ-ге алып-сатарлармен күрес мәселесін тез шешуді жүктеген [37].

Енді осы жылдардағы құқық қорғау ұйымдарына қатысты жоғарыдан түскен бұйрық-жарлықтарға шолу жасаймыз. Мысалы, «Астық тапсырмаған байлар мен ауқаттыларға

прокура-тура мен сот аппаратына көрнекі соттар ұйымдастыру міндеттелсін» [38], «Республика Прокуроры мен ОГПУ-ге және олардың жергілікті ұйымдарына астық дайындау науқанын күшейту нұсқауларының орындалуына жәрдем беру жүктелсін» [39], «Кулактар мен байлардың астық дайындау науқанының қатаң тапсырмаларын орындауы үшін аса қатаң шаралар қолданылсын» [40] және т.б. партияның ОГПУ, Юстиция ұйымдарына міндеттелген нұсқаулары-нан партия 1920-30 жылдары жүргізген экономикалық-саяси науқандарды ОГПУ, сот, прокуратура ұйымдарының күшімен жүзеге асырғанын аңғарамыз. Яғни осы жылдары ОГПУ, сот, прокуратура ұйымдары әкімшіл-партиялық жүйеге бағынып, партиялық биліктің нығаюына қызмет еткен деген қорытынды жасаймыз. Мемлекеттік барлық басқару қызметтерін қолына шоғырландырған партия басқару ұйымдарындағы, оның ішінде, құқық ұйымдарының қызметкер-лерін де іріктеп, партиялық-әкімшіл жүйеге лайықтап отырады. Осы мақсатта 1920–30 жылдары тазарту науқандары жиі өткізіледі. Үкімет ұйымдарын, партия құрамын, сот-тергеу, прокуратура ұйымдарын «жат элементтерден» тазалау комиссиясының құрамына партия басшылығы жұмысшы, қара шаруа және бақылау ұйымдарынан екі өкіл кірген [41].

«Еңбекші Қазақ» газетіндегі «ауылдағы тазалау қалай жүріп жатыр» деген мақаладан тазалау науқанының іс жүзіндегі жайын көре аламыз. Мысала, «...Бұл ауылда партиядан 4 адам шығарылды. Олар:

1. Мұқамбетжанұлы: ...Байлардың жерін, қыстауын аламыз деген кедейлерге, бұл туралы әлі бұйрық жоқ деп, бетін қайтарып тастап отырған. Байлардың қорғаушысы болған.

2. Кемалбайұлы мені партиядан шығар деп, ұйымға да, комиссияға да арыз берген. Сөйтіп өзі шыққан.

3. Батырбайұлы партия ішінде отырған байлардың өкілі есебінде болған. Сайлау кезінде байлардың сөзін сөйлеп, шоқпары болған. Кедейлерге тиген көк тиын пайдасы жоқ» [42].

Партия тазалау науқанына таптық сипат беріп, «жат тап» өкілдерін іздеуді есте тоқтатпаған. Осы жылдың 21 қарашасында Өлкелік партия комитеті секретариатының отырысында «Сот-прокуратура қызметкерлерінің құрамы туралы» мәселе қаралып, сот-прокуратура қызметкерлері-нің құрамының 50 пайызын төменнен көтерілген жұмысшы, батрақ, кедейлермен жанарту туралы қаулы қабылданған. Яғни тазалау саясатының нәтижесі ретінде кеңестік қызметкерлерін төменнен көтеру арқылы реттеу енгізілген. Мемлекеттік ұйымдар қызметкерлерін таптық белгісіне қарай тазалау, қызметкерлердің жеке қасиетін, басқару қызметін атқару кезінде керек абырой, беделді т.б. ескермеді. Сондықтан да жергілікті қазақ халқы арасында беделі жоғары билер сотына жүгінуді тоқтатпайды. Ал кеңестер өкіметінің билер сотын қылмыс ретінде қарайтын заң шығаруы, әкімшіл-әміршіл жүйенің күшіне енуімен түсіндіріледі. Соңында сот-тергеу, прокура-тура ұйымдарының тазалау науқанына байланысты 1929 жылдың 16 шілдесінде «Еңбекші Қазақ» газетінде жарияланған Сырғабайұлы Нығымет жолдастың «Сот орындарының кемшіліктерін жоямыз» деген мақаласына тоқталуды жөн көрдік. Бұл мақалада: «...Алдыңғы тұрған тазалау науқаны сот орындарына таза тапшылық жұмысшы, батырақтарды жоғарлату ретінде көп тартыл-сын. Сот орындарына бетін жойған табансыз тайғақтар, төрешіл тамақсаулар қуылсын деген ұранмен өту керек. Әсіресе осы күнде бізге тап жолынан таймайтын, бұрынғы күндерін іздептал-қарман жүрген бай-манаптардың ықпалына кететін сойқанды содырлармен ымыранбайтын, қағаз басшылық секілді нәрселерге жол қоймайтын таза икемді сот керек...» – деген жолдар бар [43].

Партиялық-әкімшіл жүйенің революциялық заңдылықты қорғау жолында заң қорғау ұйым-дары қызметкерлерінің кәсіби біліміне емес, таптық белгілеріне қарай іріктеу, құқық қорғай ұйымдары қызметкерлерінің қызмет сапасының төмендеуіне, заң қызметкерлері арасында қыл-мыс жасау, билік пұрсатын дұрыс пайдаланбау, халық алдындағы беделінің төмендеуі сияқты келеңсіз жағдайлардың өрбуіне жол ашады. Құқық қорғау ұйымдары партияға бағыныштылықтан тәуелсіз қызмет ете алмады, бақылау ұйымдарының да әкімшіл-әміршіл жүйе құрамында болуы Қазақстанда саяси жауапкершіліктің жойылуына алып келеді немесе құқық қорғау ұйымдары өздеріне тиіселі қызметтерін атқару барысында мемлекеттік билікті жүзеге асырушы жүйе болғандықтан, олар 1920–30 жылдары дәрежі өткізілген саяси-

экономикалық науқандардың зардабына тікелей қатысы бар. Бұл ойымды «Еңбекші Қазақ» газеті беттеріндегі мақалалар дәлелдей түседі. Осы газеттегі, әсіресе, 1930–32 жылдары жарық көрген мақалалардан жазалау аппаратына сүйеніп, саяси-экономикалық науқандардың жоспарын орындауға бар күшін салған әкімшіл-әміршіл жүйенің іс-әрекетін және үкімет пен партияның дәрежі саясатын орындау жолында тығыршыққа тірелген халықтың аянышты жағдайын көреміз. Сонымен қатар кейбір мақалалар ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау, тәркілеу науқандары 1930–32 жылдары Қазақстанда жайлаған ашаршылық зұлматының негізгі себептері болғанын аңғартады. Мысалы, «...Ауылдың ұзын сойыл, ұрда-жық, бес бұзақ белсенділері кедей, орташалардың малдарын айдап беріп, етке берген. Осының салдарынан, ақыры алып кетеді деп, жалғыз сиырларын сатқан кедейлер болған» деген мақала жолдарынан бар байлығы мал болған қазақтың соңғы сиырынан айырылған аңғарамыз [44].

«...Байлар егін жоспарын орындауға қарсы болған. Егінді көп айдап не керек, бәрібір үкімет алып алады», – деп өсек таратқан, «...Астық бермендер, аштан өлесіндер. Үкімет бәріңді құртады. Ертен өздерің өлесіндер, онан да барыңды басып, тығып ал, – деген қарсы үгіт, бай балаларының зиянкестігінен үкімет жоспары орындалмай отыр» [45], – деген мақалалардың үзінділері, астық дайындау науқанының 1930–32 жылдардағы ашаршылыққа тиесілі басты факторлардың бірі болғанын дәлелдейді. Әкімшіл-әміршіл жүйенің ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау, тәркі-леу, ұжымдастыру науқандарында революциялық заңдылықты қорғау жолында құқық қорғау ұйымдарына сүйенуі кеңестер мемлекетіндегі билік жүйесінің құрылымындағы қателіктерді, сонымен қатар коммунистік идея үшін күрескен әкімшіл-партияшылардың қазақ халқына қарсы зорлық-зомбылық, заңсыз әдістері, қарулы күш қолдануы, деспоттық тәртіптің қазақ ұлтына бағытталған геноцид саясатын жүргізгенін көрсетеді. Тоталитарлық жүйенің саяси-экономика-лық науқандары барысында әбден титықтаған халық 1931–32 жылдары ашаршылыққа шалдығып, колхоздардан жаппай шығып, тіпті, үкімет пен партияға қарсы террористік актілер мен ашық көтерілістерге шыққан [46]. Партияның осы жылдары жүргізген дәрежі саясатына шыдамаған қазақ халқының көбі жақын және алыс шетелге жер ауған. Алапат ашаршылық жылдары 1 млн. 31 мың адам Қазақстан шекарасынан тыс жерлерде босқыншылыққа ұшыраған [47]. Қорытынды-ласақ, 1920-30 жылдардағы тоталитарлық жүйенің жүргізген дәрежі саясаты нәтижесінде 2 миллионнан астам қазақ аштықтан қырылған еді [48]. Бұл қылмыстың орын алуына кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің қолжаулығына айналған құқық қорғау ұйымдары белсенді рөл атқарды.

Қорытынды. Тарихи тәжірибе көрсеткендей әр халықтың өз мемлекетінің саяси-әлеуметтік құрылымына, ұлттық ерекшелігіне, менталитеті мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүріне негізделіп құрылған заң жүйесі мен заңдары болады.

Қазан төңкерісінен кейін Қазақстанда кеңестер билігі орнап, РСФСР құрамындағы автономды республикаға айналды. Жаңадан құрылған кеңестік билік жүйесі қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып, заң нормаларын қылмыс ретінде жазалайтын жаңа кеңестік заң жазылды. Қазақстанда кеңестік прокуратура, сот-тергеу ұйымдарының құрылымы жасалып, құқық қорғау ұйымдары қызметкерлері іріктелді. Қазіргі таңда Голощекин және оның төңірегіндегілердің 1925-1932 жылдары билік пұрсатын теріс пайдаланғандығы, бұрмаланғандығы туралы көп айтылады, бірақ әкімшіл-әміршіл жүйеге бейімделу механизімі тың зерттелмеген. Жіберілген қателіктер мен билік пұрсатын бұрмалау кеңестік билік жүйесінің алғашқы жылдары орын алғандығы туралы мәселе тарихшылардың назарынан тыс қалып келеді. Яғни жоғарыда айтылған үрдісті зерттеу әлі де өз шешімін таппай отыр. Сондықтан біз деректік материалдарды зерттеу нәтижесінде кеңестік әкімшіл билік ұйымы – Юстиция Халық Комиссариатының, мемлекеттік билікті жүзеге асырушы сот ұйымдары мен мемлекеттік прокуратура ұйымының аз уақыт ішінде әкімшіл-әміршіл жүйеге бейімделіп, коммунистік партия саясатын жүзеге асыру барысындағы қызметі халыққа қарсы қасіретті әрекеттерге айналу мәселелерін ашуға тырыстық.

Заң шығару және басқару қызметтерін қолына шоғырландырып, біртұтас билік құрған коммунистік партия, кеңестер мемлекетін орталықтандырылған жүйеге айналдырған. Бір біріне бағыну арқылы иерархиялық жүйеге айналған құқық қорғау ұйымдарының партияға

ғана бағы-нуы, олардың Конституцияда көрсетілген тәуелсіз қызметінің шектелуіне алып келді. Қазақстанда біртіндеп әкімшіл-әміршіл жүйе орнап, партияның мемлекетті басқару қызметін қолына шоғырландырып, нәтижесінде прокурорлық бақылау механизмін тоқтатқанын аңғардық. Бұл үрдіс 1925 жылы, Қазақ Өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы қызметіне Голощекин келген жылы басталып, прокуратура ұйымының партия саясатын жүзеге асыруды қадағалауымен басталған. Ал бұл жайт 1927-1928 жылдары қалыпты жағдайға айналды. 1925-1927 жылдар аралығында прокурорлық бақылау қызметі революциялық заңдылықты қорғау жұмысын қазақ халқының дәстүрлі құқық, сот жүйесімен күресуден бастады. Кеңестер мемлекетінің құрамындағы қазақ ұлтының дәстүрлі әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне лайықталып заң жазылмауы, халықтың ұлттық мәдениетін жоюға бағытталған шаралардың кеңінен қолданылуы, халықтың кеңестер өкіметіне қарсылық ұйымдастыруына әкелді. 1929-32 жылдары кеңестік билік жүйесіне қарсы 400-ге тарта көтеріс болғаны тарихтан белгілі. Большевиктердің қазақ халқының ғасырлар барысында қалыптасқан қылмыстық құқықтарына, қылмысты болғандарды жазалау жүйесіне, «артта қалған жабайы» деген сипат беріп, аз уақыт ішінде оларды жою саясаты құқық қорғау ұйымдарының әкімшіл-әміршіл билік жүйесінің дәрежі саясат тәртібіне көнбегендерді жазалауына ұласты.

Әкімшіл-партиялық жүйе кеңестік құқық қорғау қызметкерлерін таптық негізде іріктеп отырды. Іріктеу кезінде қызметкерлердің жеке басының кәсіби біліміне, халық арасындағы беделіне емес, құрылған билік жүйесіне қызмет ету қабілетіне ғана зор мән берді.

Зерттеуімізде астық, ет дайындау, бай-кулактарды тап ретінде жою науқандары кезінде сот-талған халық санын, құқық қорғау ұйымдары тарапынан қолданылған жаза түрлерін көрсету негізінде, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен ұлттық ерекшеліктерін елемеген кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе саясатын әшкерлеп, заман талабына сай объективті ғылыми тұжырымдар жасадық. Құқық қорғау ұйымдары мен ОГПУ күшіне сүйенген әкімшіл-партиялық жүйе қазақ ұлтының дәстүрлі тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпы мен мәдениетін, дәстүрлі шаруашылығын жою саясатын белсенді жүргізіп, қазақты алапат ашаршылыққа, босқыншылыққа, ұлт ретінде тозуына алып келді.

Голощекин Қазақ Өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы болып келген жылдан бастап, қазақ байларын жою саясаты қарқынды жүргізілді. 1928 жылы заңдастырылған тәркілеу науқаны, 1930 жылғы бай табын жою саясаты, күшпен ұжымдастыру науқаны және осы науқан-дармен қатар жүргізілген ауыл шаруашылық науқандарын дайындау науқандары қазақ қоғамының дәстүрлі эволюциялық даму жолын, дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп, ғасырлар барысында қалыптасқан қазақтың дәстүрлі басқару жүйесін толығымен жойды. 1925-1932 жылдар аралығында жүргізілген саяси-экономикалық науқандарға қатысты құжаттар қазақ байларын, олардың үрім-бұтақтарын, кеңестер жүйесіне қарсылық білдірген Алаш зиялыларын құқық қорғау ұйымдары арқылы жазаланғанын ескерсек, бұл жайт тоталитарлық жүйенің басты мақсатына айналғанын дәлелдейді.

Осылайша, кеңестік идеологтар Қазақстанда 1920–30-шы жылдардары жүргізген саяси-экономикалық науқандардың жоспарланғандай нәтиже бермеуін, «бай тұқымдары мен шетел агенттерінің ықпалынан», «бай-кулак үгітінен» деген жалаң ағым арқылы шешіп, құқық қорғау ұйымдары халыққа қарсы жазалау шараларын күшейткен. Зерттеу тақырыбымыз аясында қам-тылған жылдарда құқық қорғау, әкімшілік ұйымдар кеңестің әкімшіл-әміршіл жүйенің ажырамас бөлігіне айналып, партия талаптарын сөзсіз орындаған. Аталмыш науқандар барысында адам құқығы ескерілмеді, жалған айыптар тағылып, «қылмыскерлер» саны күрт өсті. Аталмыш ұйымдардың Кеңестік Конституцияда көрсетілген міндеттерінен ауықып, билік пұрсатын бұрмалауы халыққа үлкен қасірет әкелді. Құқық қорғау ұйымдарының кеңестерге бағынуы, олардың Конституцияда көрсетілгендей тәуелсіз қызмет етуіне мүмкіндік бермеді. Қазақстанда әкімшіл-әміршіл жүйе орнап, партия мемлекеттің барлық басқару қызметін қолына шоғырландырған жылдары прокурорлық бақылау механизмі тоқтады. 1925-1932 жылдар аралығында кеңестік құқық қорғау ұйымдары партия саясатын жүзеге асырушы ұйымға айналды. Экономикалық-саяси науқандар барысында Қылмыстық Кодекс баптарының дәрежі бұрмалануы, соттық үкім шығаруға дейінгі мүмкіншіліктерге ие болған ОГПУ, оның

коллегиясы, Ерекше кеңес құрамына ОГПУ өкілі кірген үштіктер, бестіктердің құрылуы, кеңестік билік жүйесіндегі дағдарысты көрсе-теді. Қорыта келе, Қазақстанда орнаған большевиктер билігі патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатын әрі қарай жалғастырды. АҚШ мемлекетінің Қылмыстық Кодексін жасалу барысында әр шататта тұратын басым ұлттың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары ескерілсе, большевиктер мемлекетінде керісінше, КСРО құрамындағы ұлттар бір заңға бағынып, ұлттық мәдениеттерінің кейбір тұстарын қылмыс ретінде мойындауға мәжбүр болды. Мақала тақырыбын зерттеу барысында, кеңестік құқық қорғау ұйымдары қазақтың ғасырлар барысында қалыптасқан заң жүйесін жоюға бағытталған саясат жүргізгені анықталды. Бұл жайт та құқық қорғау ұйым-дарының тоталитарлық саясатты жүзеге асырғанын дәлелдей түседі. Кеңестік әкімшіл, құқық қорғау ұйымдары әкімшіл-әміршіл жүйеге бейімделіп, тоталитарлық тәртіптің талаптарын орындаушы құралға айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Федоров К. *История советского государства и права.* – Ростов; Издательство Ростовского университета, 1964. – 364 с. С.13.
2. Добровольская Т.А. *Как устроен суд и прокуратура в СССР.* - Москва: Знание, 1978. – 134 с. – С. 96.
3. Маляров М.С. *органы прокуратуры в СССР.* - Москва: Знание, 1975. – 96. – С. 5.
4. *История политических и правовых учений.* - Москва: Юр.лит, 1988. – 816 с. С. 681.
5. Голощекин Ф.И. *Казахстан на путях социалистического переустройства.* - Москва-Алма-Ата: ОГИЗ, 1931. – 248 с. – С. 40-41.
6. Голощекин Ф.И. *казахстан в полосе социалистических реконструкции.* - Москва-Алма-Ата: Каз. Краев. Отд., 1930. – 84 с.
7. *Систематическое собрание законов КазАССР, действующих на 1-ое января. 1930 г.* - Алма-Ата: Управление делами СНК КАССР, 1930. – 224 с.
8. *Материалы к отчету ЦИК КазАССР на 3 сессии ВЦИК 13 созыва.* - Кызыл-Орда: ЦИК Казахстана, 1928. – 140 с.
9. Омарбеков Т. *Шаруаларға шабуыл қалай жасалды // Ақиқат, 1993. №9. Б. 62-69.*
10. Омарбеков Т. *Қазақстанда революциялық заңдылық қалай жүргізілді? // Ақиқат, 1995. №4. Б. 29-32.*
11. Омарбеков Т. *20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Көмекші оқу құралы.* – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.
12. Қозыбаев М.Қ., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. *Коллективизация в Казахстане, трагедия крестьянства.* Алма-Ата. 1992, 35 б.
13. Абылхожин Ж.Б. *Очерки социально-экономической истории Казахстана XX века.* – Алматы: Туран. 1997. – 360 с.
14. Нуреев Рустем Махматович *Социальные субъекты постсоветской России: история и современность // Мир России. Социология. Этнология. 2001. №3. С. 3-66.*
15. Камалова Галина Тимофеевна *Концепция законности в годы НЭПа: теория и практика // Вестник ЮУрГУ. Серия: Право. 2008. №18 (118). С. 3-10.*
16. В.Н. Бибило. *Судоустройство: Учебник.* – Минск: Издательство “Право и экономика”, 2001. 328 с.
17. *Красная книга ВЧК: Т 4.* – Москва: Политиздат, 1989. – 415 с. С. .5.
18. ҚР ПМ, [Қазақстан Республикасының Президент мұрағаты] 141–қ. 292–жазба, 126 п.
19. ҚР ПМ, [Қазақстан Республикасының Президент мұрағаты] 141–қ. 3297–жазба, 73 п.
20. Осколков Е.Н. *Голод 1932/33; Хлебозаготовка и голод года в 1932/33 года в Северо-Кавказском крае. / Е.Н.Осколков.* – Ростов на Дону: Издательство Ростовского университета, 1991. – 91 с. С. 12.
21. ҚР ОММ, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты] 1380–қ. 47–жазба, 18 п
22. ҚР ОММ, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты] 1380–қ. 257–жазба,

51 п

23. ҚР ОММ, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты]1380-қ. 80-жазба, 10 п.
24. ҚР ОММ, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты]1380-қ. 109-жазба, 163 п.
25. ҚР ОММ, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты] 1380-қ. 139-жазба, 16 п.
26. ҚР ПМ, [Қазақстан Республикасының Президент мұрағаты] 141-қ. 1842-жазба, 35 п.
27. ҚР ОМА, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты]1380- қ. 99 -жазба, 1-3 п.
28. ҚР ОМА, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты] 1380- қ. 37 -жазба, 36 п.
29. ҚР ОМА, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты] 1380- қ. 140 -жазба, 25 п.
30. ҚР ОМА, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты]1380- қ. 98 - жазба, 20-25 п.
31. ҚР ОМА, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты]1380- қ. 141 -жазба, 1 п.
32. ҚР ОМА, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты] 1380- қ. 1040 -жазба, 81 п.
33. ҚР ОМА, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты]1380- қ. 297 -жазба, 11-13 п.
34. ҚР ОМА, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты]1380- қ. 4350 -жазба, 2-10 п.
35. ҚР ОММ, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты]1380-қ. 159-жазба, 67 п.
36. ҚР ОММ, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты]1380-қ. 173-жазба, 185 п.
37. ҚР ОММ, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты]1380-қ. 173-жазба, 184 п.
38. ҚР ПМ, [Қазақстан Республикасының Президент мұрағаты] 141-қ. 1842-жазба, 264 п.
39. ҚР ОММ, [Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаты]1380-қ. 213-жазба, 8 п.
40. ҚР ПМ, [Қазақстан Республикасының Президент мұрағаты] 141-қ. 2397-жазба, 157 п.
41. ҚР ПМ, [Қазақстан Республикасының Президент мұрағаты] 141-қ. 338а-жазба, 270 п.
42. ҚР ПМ, [Қазақстан Республикасының Президент мұрағаты] 141-қ. 2489-жазба, 181 п.
43. «Еңбекші қазақ». 1929 жыл 15 тамыз, № 161(1490).
44. «Еңбекші Қазақ» газеті. 1929 жыл 14 тамыз, № 160(1489).
45. «Еңбекші қазақ». 1929 жыл 15 тамыз, № 161(1490).
46. «Еңбекші қазақ». 1929 жыл 16 шілде, № 135(1464).
47. «Еңбекші Қазақ». 1931 жыл 11 мамыр, № 98.
48. ҚР ПМ, [Қазақстан Республикасының Президент мұрағаты] 141-қ. 3225-жазба, 2 п.

References:

1. Fedorov K. *Istoriya sovetskogo gosudarstva i prava. [The history of the Soviet state and law.]* – Rostov; Izdatel'stvo Rostovskogo universiteta, 1964. – 364 p, - 13 p. [In Russian].
2. Dobvol'skaya T.A. *Kak ustroen sud i prokuratura v SSSR [How the court and prosecutor's office are structured in the USSR]* - Moskva: Znanie, 1978. – P. 96 [In Russian].
3. Malyarov M.S. *Organy prokuratury v SSSR. [Prosecutor's office in the USSR.]* – M.: Knowledge, 1975. - P. 5. [In Russian].
4. *Istoriya politicheskikh i pravovykh uchenij. [The history of political and legal doctrines.]* - Moskva; 1988. - 816 p. [In Russian].

5. Goloshekin, F. I. *Kazakhstan na putyah socialisticheskogo pereustroistva* [Kazakhstan on the path of socialist reconstruction] - Moskva-Alma-Ata; 1931. – 248 p. [In Russian]
6. Goloshekin, F. I. *Kazakhstan v polose socialisticheskikh rekonstrukcii* [Kazakhstan in the period of socialist reconstruction] - Moskva-Alma-Ata, 1931. – 84 p. [In Russian]
7. *Sistematicheskoe sobranie zakonov KazASSR, dejstvujushhih na 1-oe janvarja. 1930 g.* [The systematic collection of laws of the KazASSR, effective on January 1st. 1930] - Alma-Ata: Upravlenie delami SNK KASSR, 1930. – 224 s. [In Russian]
8. *Materialy k otchetu CIK KazASSR na 3 sessii VCIK 13 sozyva.* [Materials for the report of the Central Executive Committee of the Kazakh ASSR at the 3rd session of the All-Russian Central Executive Committee of the 13th convocation.] - Kzyl-Orda: CIK Kazahstana, 1928. – 140 s. [In Russian]
9. Omarbekov, T. *Sharualarga shabuyl qalaj zhasaldy* [How the attack on the peasants was carried out] *Aqiqat*, 1993. №9. P. 62-69. [In Kazakh].
10. Omarbekov, T. *Qazaqstanda revolyuciyalyq zandylyq qalaj zhyrgizildi?* [How was the revolutionary legitimacy carried out in Kazakhstan?] *Aqiqat*, 1995. № 4. P. 29-32. [In Kazakh].
11. Omarbekov, T. *20-30 zhyldardagy Qazaqstan qasireti. Komekshi oqu quraly.* [The tragedy of Kazakhstan in the 20-30s. Auxiliary training manual] *Almaty: Sanat*. 1997. – 320 б. [In Kazakh].
12. *Qozybaev, M.Q., Abylhozhin, ZH.B. & Aldazhumanov, K.S. Kollektivizaciya v Kazahstane, tragediya krest'yanstva* [Collectivization in Kazakhstan, the tragedy of the peasantry] *Alma-Ata; 1992. 35 б. P. 1-5* [In Russian].
13. *Abylhozhin, ZH.B. [1997] Ocherki social'no-ekonomicheskoy istorii Kazahstana XX veka.* [Essays on the socio-economic history of Kazakhstan of the twentieth century] *Almaty; Turan*. 1997. – 360 p. [In Russian].
14. *Nureev R. M. Social'nye subekty postsovetskoj Rossii: istoriya i sovremennost'.* [Social subjects of post-Soviet Russia: history and modernity] *Mir Rossii, Sociologija, Jetnologija*. 2001. №3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnye-subekty-postsovetskoy-rossii-istoriya-i-sovremennost> (data obrashhenija: 12.09.2024).
15. *Kamalova G. T. Konceptsiya zakonnosti v gody NJePa: teorija i praktika.* [The concept of legality in the years of the NEP: theory and practice]. *Vestnik JuUrGU. Serija: Pravo*. 2008. №18. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptsiya-zakonnosti-v-gody-nepa-teoriya-i-praktika> (data obrashhenija: 12.09.2024).
16. *Bibilo V.N. Sudoustrojstvo.* [Judicial system]. *Minsk, Pravo i jekonomika*, 2001.
17. *Krasnaja kniga VChK: T 4.* [Red Book] – Moskva: Politizdat, 1989. – 415 s. S. .5.
18. *QRPA, [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan] 141, 1, 292, 126 p.* [In Kazakh].
19. *QRPA, [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan] 141, 1, 3297, 73 p.* [In Kazakh].
20. *Oskolkov E.N. (1991) Golod.* [The hunger] *Rostov na Donu. Izdatel'stvo Rostovskogo universiteta* [In Russian].
21. *QROMA, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 47, 18 p.* [In Kazakh].
22. *QRPA, [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan] 141, 257, 51 p.* [In Kazakh].
23. *QROMA, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 80, 10 p.* [In Kazakh].
24. *QROMA, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 109, 163 p.* [In Kazakh].
25. *QROMA, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 139, p.16* [In Kazakh].
26. *QROMA, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 1842, p. 35* [In Kazakh].
27. *QROMA, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 99, p. 1-3* [In Kazakh].
28. *QROMA, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 37, p. 36* [In Kazakh].
29. *QROMA, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 140, p. 25* [In Kazakh].
30. *QROMA, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 98, pp. 20-25* [In Kazakh].
31. *QROMA, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 141, p. 1* [In Kazakh].

32. *QROMA*, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 1040, p. 81 [In Kazakh].
33. *QROMA*, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 297, p. 11-13 [In Kazakh].
34. *QROMA*, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 4350, p. 2-10 [In Kazakh].
35. *QROMA*, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 159, p. 67 [In Kazakh].
36. *QROMA*, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 173, p. 185 [In Kazakh].
37. *QROMA*, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 173, p. 184 [In Kazakh].
38. *QROMA*, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 1842, p. 264 [In Kazakh].
39. *QROMA*, [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1380, 213, p. 8 [In Kazakh].
40. *QRPA*, [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan] 141, 2397, 157 p. [In Kazakh].
41. *QRPA*, [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan] 141, 338a, 270 p. [In Kazakh].
42. *QRPA*, [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan] 141, 2489, 181 p. [In Kazakh].
43. «Enbekshi Qazaq». 1929 year 15 august, № 161(1490).
44. «Enbekshi Qazaq» 1929 year 14 august, № 160(1489).
45. «Enbekshi Qazaq». 1929 year 15 august, № 161(1490).
46. «Enbekshi Qazaq». 1929 year 16 july, № 135(1464).
47. «Enbekshi Qazaq». 1931 year 11 may, № 98.
48. *QRPA*, [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan] 141, 3225, 2 p. [In Kazakh].